

ТОҚЫМА ӨНЕРКӘСІБІ

МЫҚТЫ МАМАНДАРҒА ҚАШАН ДА МҰҚТАЖ

**Суханберді ОРАЗАЛЫҰЛЫ,
«Оңтүстік Қазақстан».**

Жақсы маман әрдайым "алтын қорға" бағаланған ғой. Ал, сол қорды қалай жасақтау керек? Елдің ертеңін көздейтін, өндірістің болашағын ойлайтын азаматтарға бір сын осы екені рас.

Кеше "Алтын орда" бизнес орталығында осындай келелі мәселені қозғаған семинар-кеңес болып өтті. Негізгі тақырыбы – тоқыма кластері кәсіпорындарына мамандар даярлауға арналды. Оның қазіргі жағдайы, проблемасы және мұны шешудің жолдары әңгіме болды. "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймақ дирекциясы" мемлекеттік мекемесі ұйымдастырып отырған бұл семинарға тоқымашы мамандар даярлайтын жоғары және орта оқу орындарының оқытушылары, кәсіпорын басшылары мен орталық және жергілікті атқарушы билік өкілдері қатысты.

Семинарды "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймақ дирекциясы" мемлекеттік мекемесі директорының орынбасары Нармұхан Сарыбаев жүргізіп отырды. Ол бүгінде мемлекеттік саясат деңгейіне көтеріліп отырған мақта-тоқыма кластерін дамытудың басты бір бағыты кадрлар даярлау екенін атап көрсетті. Алғаш болып сөз алған ҚР Білім және ғылым министрлігінің басқарма бастығы Әлен Байсақалов Елбасының тапсырмасы бойынша тоқыма кластері кадрларын даярлаудың ұлттық бағдарламасы жасалып жатқанын, осыған орай аймақаралық оқу жүйесі құрылғанын айтып өтті.

Қазіргі кезде елімізде тоқыма өнеркәсібі үшін жоғары білімді мамандар даярлаумен үш оқу орны: Алматы технологиялық университеті, М.Әуезов атындағы ОҚМУ және М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті айналысады. Биыл үш университетті тоқыма өнеркәсібі саласы бойынша 284 инженер-маман бітіріп шығады. Ал, Шымкенттегі №5 кәсіби-техникалық мектебі жыл сайын 150-дей арнаулы орта білім мамандар даярлайды екен. Семинарда осы оқу орындарының материалдық-техникалық базасын нығайту, оқу әдістемесін қазіргі заманға сай жетілдіру, өндірістік кәсіпорындармен байланысын жақсарту жөнінде тараздық профессор Ж.Мырхалықов, ОҚМУ проректоры М.Тілебаев, АТУ кафедра меңгерушісі А.Кұлжанова әңгімелеп берді.

Семинарға қатысушылар еліміздегі оқу орындары өкілдерінің ғана емес, Манчестер орталық университетінің вице-канцлері, декан, профессор Ричард Мюррейдің (Ұлыбритания), Ташкент тоқыма және жеңіл өнеркәсібі институтының профессоры Миробзоп Мукимовтың (Өзбекстан) өз оқу орындары туралы айтқан әңгімелерін қызыға тыңдады. Сондай-ақ Германиядан және Швейцариядан жеткізілетін тоқыма құрал жабдықтарын өндірушілердің ресми өкілдері де кадрлық әлеуетті күшейтуге байланысты өз ойларымен бөлісті.

Соңынан өнеркәсіп иелерімен оқу орындары өкілдері өзара келісім-шарт жасалып, меморандумға қол қойылды.